

Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім:

- 1. Бар білімнің қайнар көзі - кітапхана*
- 2. Егеменді елдің даму сатысындағы кітапхананың қызметі*
- 3. Электронды каталог-ақпарат іздеудегі басты құрал*
- 4. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану тәсілдері*

III. Қорытынды

Қазіргі заманғы кітапхана: даму үрдістері және жетілдіру қызметі

XXI – ғасыр – мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры. Бар білімнің қайнар көзі – кітапхана-деп Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай оқу орнындағы оқыту, білім беру үрдісіндегі ақпараттың орталығын кітапханасыз елестету мүмкін емес.

Бүгінгі таңда кітапхана – халыққа білім нұрын себетін ең күрделі ақпарат орындарының бірі. XXI – ғасыр мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры. Тек кітап қана алға жылжуды, адамдық шыңына шығуды үйретеді. Кітапхана қорын толықтыру стратегиясы – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды бағыттардың кейінгі кезде кітапханада оқырмандармен өткізілетін мәдени шаралар түрі жыл санап молайып келе жатыр.

Оқытушылар мен оқушылар
Жаңару заманы қоғамымызға ірі өзгерістер мен бірге ұлттық сананы, ұлттық қадір – қасиетімізді, табиғи даралық белгілерімізді жандандыруға жол ашты. Ұлтты ұлт ретінде танытатын үш нәрсе бар: бірі-қасиетті Жер-Ана; екіншісі – тіл; үшіншісі қазақтың дәстүрлі ұлттық құндылықтарын қалыптастыру жолы. Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін көп оқу керек. Сондықтан да кітап адам өмірінде маңызды роль атқарады. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті өз тұрмысында пайдаланады. Одан ақыл-кеңес, тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алады. Кітап – біздің рухани жан азығымыз. Бұл орайда жасөспірімдермен тәрбие жұмысын жүргізуде кітапхананың ерекше маңызы зор. Себебі жас кезде оқыған кітап көңілге ұялап қалады, бүкіл өмір бойына өзінің ізін қалдырады. Мектеп кітапханасы оқушыларға сапалы білім беруде, тәрбиелік шараларды өткізуде оқытушылардың бірден-бір сенімді серігіне айналып отыр. Ғасыр көші ілгері жылжып, тарих беттері қалыңдағанымен, адамзаттың кітапқа деген құрметі, пейіл-ықыласы ортаймаса керек. «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып үйрен», - деген Абай.

Кітапхана – оқырман мен кітап арасында алтын көпір. Бір ғажабы, осы заманғы ақпарат тасымалдаушы технология жүйесінде де, кітапхана маңызды буын болып саналады. Осы заманғы ақпараттық кеңістікті игеру, ал сананың көзін ашу, адамның сапалық жетілуіне қол жеткізу екені белгілі.

«Кітап – білім бұлағы» демекші, мектеп кітапханасы шағын болғанымен, атқарар қызметі үлкен. Рухани жан дүниеге демеу беріп, адамның адами қасиетін арттыратын да – осы кітап. Осыдан барып, кітапсыз өмірімізді елестету де қиын екенін түсінеміз. Сан ғасырлық тарихымыз бізге хатқа түскен кітаппен жеткен жоқ па? Соған қарап біз өткен өмірімізді көз алдымызға алып келеміз. Тәрбиеміздің бастауы ертегі, жыр, дастандарымыз да бүгінгі ұрпаққа кітап болып жетті. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл, терең білуге. Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге», - деген сөзінен-ақ көп нәрсе аңғаруға болады. Бүгінгі білім берудің алдындағы негізгі міндет – Отанын шын сүйетін, ата-анасын құрметтейтін, еңбексүйгіш, дені сау, салауатты, парасатты ұрпақ тәрбиелеу. Қазіргі кезеңде білім беру, оқу, тәрбиелеу саласында дәстүрлі әдістермен қатар оқу-тәрбие үрдісін жетілдірудің жолдары өрістей түсуде. Жылдық жұмыс жоспарына сәйкес кітапханада түрлі танымдық сағаттары, ғылыми конференциялар, көрмелер, тәрбиелік шаралар өткізіліп тұрады. Атап айтсақ, қоғам қайраткері Д.А.Қонаевтың туғанына-100 жыл толуына арналған «Ардақты адамның аты өшпейді» танымдық сағаты, «Алаш қайраткері, халық патриоты-Ғұмар Қараш» оқырмандар конференциясы, «Білім кілті-кітапта» танымдық сағаты, «Тәуелсіздік – ел тірегі» атты тәрбие сағаты, «Біз бірлесіп Жеңіске жеттік» атты тыл ардагерлерімен кездесу сағаты, «Құқықтық тәрбие-заман талабы» атты пікір алмасу сағаты, «Ауған, сөнген шок, өшкен арман тек сенен есте қалған» атты ауған соғысының ардагерімен кездесу сағаты, ҚР-ның Конституциясы күніне арналған «Ата Заң-азаматтығымыздың тірегі» тақырыбымен ұжым арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, «Жарқын өмірге-20 қадам», «Тілге құрмет-елге құрмет», «Жаңғырту Жолдауы» атты кітап көрмелері шығарылып тұрады. Сонымен қатар оқырмандар арасында жыл сайынғы Жолдау талданып, Жолдауға байланысты библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші дайындалып отырады. Кітапханада кітап қоры құрылымының сапалығы әр сала бойынша мамандықтардың оқу жоспарына негізделген. Кітапхана оқырман формулярын ретке келтіріп, оқырмандар сұранысын қанағаттандыра отырып, ақпараттық қызмет көрсетеді. Кітап оқу оқушының ой-өрісін кеңейтеді, сөйлеу қабілетін, есте сақтауын, қиялын дамытады, танымдық және дамытушылық қызметін анықтайды. Өтебай Тұрманжановтың айтуынша «Кітап – көп ақылдың құйылған көлі. Ол көпке таралғанда ғана көптің бойына сіңіп, игілігіне жұмсағанда ғана мүддесіне жетеді. Кітап – ортақ мүсін, халық қазынасы, сарқылмас білім бұлағы».

Сонымен қатар «Ғасыр ақыны - Мұқағали» поэзия кеші, «Дін мұраты – ынтымақ пен имандылық» рухани – тәрбие сағаты ұйымдастырылды. «Кітап атаулы досы бола бастаған шақтан былай ғана, әрбір жан өзін интеллект болып бастадым деп санауына болды», - деген Мұхтар Әуезовтың сөзімен келіспейтін жан бола қоймас. Шынымен де, кітап арқылы адамзат ақыл-ойының інжу – маржанын бойына жинайды да, оларды ұрпақтан – ұрпаққа жеткізеді. Кітап – барлық білімдердің басын бір жерге тоғыстырып, кез – келген сәтте көмекке келетін ерен күш әрі білімді жетілдіріп, жан – жақты ізденіп, тіл байлығын дамытып, саналы да білімді адам шығаруда таптырмайтын баға жетпес дүние.

Ауыл кітапханаларының бет бедерін жаңарту, жаңғырту жолында, жергілікті билік органдары мен кітапхана қызметкерлерінің бірлескен іс-қимылы қажет.

Тәуелсіз Қазақстан республикасының қаулы қарарларын, Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» бағдарламасын сол сияқты Президентіміздің Қазақстан халқына жолдауын кең түрде насихаттау.

Еліміздің тарихын, экономикалық, ауыл шаруашылық жаңалықтарын, сан-салалы мазмұны бай халықтық педагогиканы, салт дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді, «Мәдени мұра» бағдарламасын насихаттау. Жастар мен жасөспірімдермен жұмыс жүргізе отырып, еліміздің заңдарын жастардың құқығын үнемі түсіндіре отырып насихат жұмыстарын жүргізу. Заман ағымынан қалыспай жаңа технологияны меңгеру, халыққа жаңа ақпараттарды жылдам жеткізу, оқырмандар сұранысын қанағаттандыру. Заманның тез өзгеруіне байланысты күн өткен сайын оқырман жаңа ақпаратты қажет етеді. Сондықтан да кітапханалардың алдындағы міндет: жеке тұлғаны дамытуға, оның білім алуына, кәсіби жетілуіне бағытталған ақпаратпен қолма – қол қамтамасыз ету.

Кітапхана саласында қолданылып келе жатқан жаңа ақпараттық технологиялар, электрондық ресурстар, пайдаланушыларға қызмет көрсетудің жаңа формалары, кітапхана қорларын сақтау – бұл бүгінгі күннің белесі.

Қазіргі заманға сай кітапханалар өздерінің дәстүрлі міндеттерімен қатар оқырмандардың ұлттық әлемдік және интеллектуалдық ақпараттық байланыстарға қол жеткізуіне мүмкіндік беретін ақпарат орталығының міндетін атқарады.

Кітапхана саласында басты назар аударатын бағыттардың бірі ақпараттық электрондық ресурстарды басқару және оларды кітапханада

✓
қолдану, ақпараттық-электронды ортада ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету.

Егеменді еліміздің жаңа даму сатысында стратегиялық бағыттан бастау алған білімді, ізденімпаз оқырмандардың рухани талабын қанағаттандыруда.

Еліміздің бірқатар облыс пен аудан кітапханаларында оқушылардың сапалы да саналы білім алуына көмектесу мақсатында, білім саласы бойынша әдебиеттерді насихаттау, заман талабына сай ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқырмандар сұранысын қанағаттандыру бағытында жұмыс атқаруда. Олардың кітапханаларында көрсететін қызметтерінің бірі ақпарат кеңістігіне жол ашу болса, мектеп кітапханаларының электронды оқу залы оқырманның талап-тілегіне, олардың өскелең интеллектуалды сұраныстарына сәйкес сапалы да да нәтижелі ақпаратпен қамтамасыз етіп, қызмет көрсетуде. Электронды оқу залдарында компьютерлермен, принтер және сканерлермен жабдықталып, жергілікті жүйелікке және интернет желісіне қосылған.

Электронды оқу залдарында:

- компьютер арқылы электрондық оқулықтарды (DVD, CD, ROM, аудио, видео) пайдалану;
- толық мәтінді деректер базасына қолжеткізу;
- электронды кітаптың қажетті беттерін принтерден өткізіп алу;
- интернет жүйесін пайдалануға мүмкіндіктер бар;

Оқу үрдісінің тиімділігін арттыру үшін дәстүрлі оқыту жүйесінде электронды оқулықтарды пайдалану бүгінде өзекті болып отыр. Электронды оқу залында әр оқушы өзіне қажетті материалдарды қарап, электронды оқулықтарды еркін пайдаланып, рефераттар, көрнекіліктер және интернет жүйесін пайдалану арқылы өз білімдерін терең де сапалы дамыта алады.

Кітапхана жұмысын автоматтандырудың негізгі мақстаы-кітапхана қызметін жетілдіріп, ашық ақпарат кеңістігінде ақпарат түрлерін еркін пайдаланып, ақпарат және кітапхана-библиография қызметін кеңейту, ақпараттарды оқырманға тез және ыңғайлы түрде жеткізу, сонымен қатар кітапхана жұмысына жаңа ақпараттық технологияны енгізу. Анықтамалық-библиографиялық жұмысты заманауи технологияға сәйкес жүргізу⁴ бағытында 2010 жылдары мектеп кітапханаларына «КАБИС» (Қазақстандық автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйе) бағдарламасы алынды. Бұл бағдарламаның мақсаты-қордағы кітаптардың

электронды нұсқасын жасақтау, компьютерлік-ақпараттық коммуникацияға негіздеу.

Электронды каталог – ақпарат іздеудегі басты құрал. Электронды каталогты қолдану кітапханадағы оқырмандарға қызмет көрсетудің мүмкіндігін кеңейтеді, электронды каталогты пайдалану арқылы кітаптар, мақалалар, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі электронды басылымдарды жылдам таба алады, табылған әдебиеттер тізімін басып шығаруға болады.

- Электронды каталог (ЭК) дәстүрлі карточкалы каталогпен қатар жүргізіледі және кітапхананың анықтама-іздігіру аппаратының құрама бөлігі болып табылады;
- Электронды каталог кітапхана қорларының ғылыми және толықтай мазмұнын алады;

Ғылым мен техниканың ерекше алға басқан қазіргі кезеңінде кітапхананың қызмет көрсету ауқымы электронды ресурстармен толығыда оқырмандар арасында өтетін көпшілік шараларда экран, проектарды пайдалану үрдіске айналуға. Кітаптардың тұсаукесері, слайдтар, «Бір ел-бір кітап» акциясы бойынша Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын!» поэмасын оқу, «Қазақ жырының Қадыры», «Тәуелсіздіктің ұлы тұлғалары», «Мәдени мұра-жас ұрпақтың игілігі», «Ұлы ерлік ұрпаққа үлгі» және т.б. тақырыптық кештерде көрсетілген бейнефильмдер кітапхана жұмысындағы ақпараттық технологияның дамып келе жатқанының айғағы. Оқырманға тақырыптық, нақтылау, фактографиялық түрлеріне қарай библиографиялық анықтама беруде әлемдік ақпараттық интернет жүйесінен, электронды картотекадан ақпарат алуға толық мүмкіндік бар. Бұл оқырман сұранысын толық қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Оқырмандарға кітапханалық – библиографиялық білім беруде консультациялық оқулар, библиографиялық сабақтар жүргізіледі. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану тәсілдері үйретіледі.

Кітапханадағы ақпараттық жұмыстар болып табылатын дәстүрлі кітап көрмелері, шоулар, әдебиеттермен таныстыру жұмыстары жүргізіліп, олар «Ақпарат күндері», «Диплом қорғаушылар күні», «Мамандар күні» сияқты кешенді іс шараларға жалғасады.

Тәуелсіз Қазақстан алдыңғы қатарлы 50 елдің қатарына кіру үшін жас ұрпақты, зияткерлік ұлтты, мемлекетшіл азаматты тәрбиелеу ісі қашан да маңызды.

«Адам баласы бір-бірінен өнер, білім, ғылым, мінез арқылы ғана озады, одан басқамен оздым деген ақымақтық»-деп айтылған ұлы Абай сөзіне сүйене отырып, өскелең ұрпақтың кітап әлеміне керекті ақпарат алуына мүмкіндік туғызып, тәлім-тәрбие беруде кітапхана ұжымы қашанда игілікті істердің басында.